**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ**
**ТОО «Балажан 2030 ясли-сад»**
**«Балажан» бөбекжай-балабақшасы**

# «Балажан» бөбекжай-балабақшасы 2025-2026 оқу жылына жүргізілген өзін-өзі бағалау қорытындысы



**Ақтөбе қаласы**

**«Балажан 2030 ясли-сад» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**
**«Балажан» бөбекжай-балабақшасының**
**өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы**

# ҚОРЫТЫНДЫ

**Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуіріндегі «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №114-НҚ бұйрығының (бұдан әрі – бағалау өлшемшарттары) 1-қосымшасы** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымын **басшылыққа ала отырып,** «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балажан 2030 ясли-сад» ЖШС, «Балажан» бөбекжай-балабақшасында **2025-2026 оқу жылында жүргізілген білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізілді.**

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: Білім беру қызметінің 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1 қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарына сәйкес жүзеге асырылуын айқындау.

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балажан 2030 ясли-сад» ЖШС, «Балажан» бөбекжай-балабақшасында өзін-өзі бағалау 2026 жылғы 18 мамырдағы №6 бұйрығымен бекітілген келесі құрамдағы комиссиямен (бұдан әрі-комиссия) өткізілді:

1. Мұхамбетьярова Динара Бахыткерейқызы – «Балажан» бөбекжай-балабақшасы меңгерушісі, комиссия төрайымы;
2.Аймаганбетова Асима Бахтыбаевна – «Балажан» бөбекжай-балабақшасы психологі, комиссия мүшесі;
3.Дуйсекешева Кенжегуль Рахметжановна – «Балажан» бөбекжай-балабақшасы қазақ тілі мұғалімі, комиссия мүшесі;
4.Бойченко Галина Викторовна – «Балажан» бөбекжай-балабақшасы тәрбиешісі, комиссия мүшесі;
5. Арзакулова Меруерт Таяновна - «Балажан» бөбекжай-балабақшасы тәрбиешісі, комисия мүшесі.

Хатшы: Қалиева Құралай Санатқызы.

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

## 1. Жалпы сипаттағы өлшемшаттар

*(Білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін құрылтай және рұқсат беру құжаттарының болуы және олардың Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" және "Білім туралы" заңдарының талаптарына сәйкестігі. Білім беру ұйымы басшысының "Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкестігі, Мектепке дейінгі ұйым түрінің "Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 503 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8390 болып тіркелген) сәйкес білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкестігі.)*

**1). Білім беру ұйымының атаулы:**
«Балажан 2030 ясли-сад» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Балажан» бөбекжай-балабақшасы

**2). Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы):** Қазақстан Республикасы, индекс: 030000 Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Разъезд №41, ул Ақтоғай, дом № 12.

**3). Нақты орналасқан жерінің мекенжайы:** 030000 Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Әбубәкір Кердері көшесі, дом № 11А.

**4). Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт):**
Телефон: 8-705-184-95-91, 8-701-774-01-12;
Электрондық пошта: balazhan.sadik@mail.ru
Инстаграм парақшасы: sadik.balazhan
https://www.instagram.com/sadik.balazhan?igsh=MXZpcXBjb214cTkwZg
web-сайт: https://balazhan.edu.kz/kz/

**5) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә. және лауазымға тағайындау туралы бұйрық туралы деректер):**
«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балажан 2030 ясли-сад» ЖШС, «Балажан» бөбекжай-балабақшасы құрылтайшысының 2026 жылдың 16 наурыз айының №4 бұйрық негізінде «Балажан» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі болып Мұхамбетьярова Динара Бахыткерейқызы тағайындалды. Білімі жоғары, Ақтөбе Мемлекеттік Педагогикалық Институты, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша 2013 жылы тәмәмдаған. Жалпы педагогикалық өтілі-13 жыл, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдағы стажы – 13 жыл.(оның ішінде тәрбиеші қызметінде-2 жыл, әдіскер қызметінде-11 жыл) Қазіргі уақытта меңгеруші лауазымдағы жұмыс өтілі 3 айды құрайды. Атап айтсақ, басшының педагогикалық стажы №338 бұйрықта бекітілген нормативтік талаптардан (кемінде 5 жыл педагогикалық жұмыс өтілі, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдарда кемінде 2 жыл) айтарлықтай жоғары.

**6).Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар (білім беру ұйымының Жарғысы):**
«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балажан 2030 ясли-сад» ЖШС, «Балажан» бөбекжай-балабақшасы Жарғысы Құрылтайшының 2020 жылдың 26 қазан қаулысымен бекітілген.

**7).Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама:** «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Ақтөбе қаласы жер кадастры және тіркеу бөлімінің 2021 жылғы 22 қыркүйек Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама берілді. БСН 180640008287.

**8). Рұқсат етуші құжаттар (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті бастау немесе тоқтату туралы хабарлама):**

Рұқсат етуші құжаттар: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама 2020 жылғы 15 маусым берілген,
№ KZ11RVK00023957.

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді.

**Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру ұйымы бекіткен жұмыс жоспарлары мен алқалы органдар отырыстары хаттамаларының болуы және олардың қызметінің:**

***("Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5229 болып тіркелген)) "Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33285 болып тіркелген) "Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15584 болып тіркелген) "Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20619 болып тіркелген)
талаптарына сәйкестігі***

Бөбекжай-балабақшамызда зерделеніп отырған 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында педагогикалық кеңес 1 жылда 5 рет өткізіліп отырды. Педагогикалық кеңесте балабақшаның оқу-тәрбие жұмыстарының жоспары, балалардың денсаулығы мен даму диагностикасының нәтижелері талқыланады және 1-ші педагогикалық кеңесте жылдық мақсаттар мен міндеттер нақтыланып, оқу жұмыс жоспары бекітіледі, ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесі, күн тәртібі, перспективалық жоспарлар талданып, бекітіледі. Сонымен қатар тәрбиешілердің жаңа әдіс-тәсілдері қаралып, балабақшаның ішкі мәселелері бойынша маңызды шешімдер қабылданады. Отырыс барысында педагогтердің біліктілігін арттыру және ата-аналармен жұмыс істеу мәселелері де талқыланады.

2023-2024, 2024-2025 және ағымдағы 2025-2026 оқу жылдары «Балажан» бөбекжай-балабақшасында қамқоршылық кеңес өз жұмысын жасап отырды. Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспарына сәйкес, бір оқу жылында 4 рет жүргізілді. Балабақшадағы маңызды мәселелер талқыланды, хаттамалары жазылды.

Балабақшадағы оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстар ҚР Оқу-ағарту министрінің №253 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылған. Өзін-өзі бағалау барысында педагогтердің біліктілігін арттыру, озық тәжірибені тарату жүйесінің

тиімділігі талданып, оң нәтиже көрсетті. Үлгілік бағдарламаға сай әзірленген дидактикалық және әдістемелік материалдар базасы мемлекеттік стандарт (МЖМБС) талаптарына сәйкес келеді.

Балабақшада педагогикалық әдеп нормаларының сақталуы ҚР Білім және ғылым министрінің №190 бұйрығы талаптарына сәйкес келеді. Мекемеде меңгерушінің бұйрығымен (№1/1 «01» *қыркүйек 2025* ж.) Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрылып, бекітілген жоспар бойынша тұрақты жұмыс атқаруда. Оқу жылы барысында тәрбиешілер арасында құқық бұзушылықтар, педагогикалық әдеп пен мінез-құлық қағидаларын бұзу фактілері тіркелген жоқ, ұжымда қолайлы психологиялық климат қалыптасқан.

## 2.Кадр құрамына талдау

### 2.1.Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткендігін растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі

«Балажан» бөбекжай-балабақшасында 12 педагог қызмет етеді. 12 педагогтің барлығының арнаулы орта, жоғары білімдері бар. Оның ішінде 5 педагогтің педагогикалық білімі бар.

1. Жеңіс Айнагүл Жасұланқызы (тәрбиеші) «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша жоғары білімі бар, сонымен қатар, "Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші" мамандығы бойынша қайта даярлау 360 сағаттық курсынан өтіп, мерзімсіз куәлік алды. (куәлік №01-107, 04.08.2021 жыл)
2. Галиева Эльвира Камзаевна (тәрбиеші) «Шет тілі» мамандығы бойынша арнаулы орта білімі бар, сонымен қатар, "Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру" мамандығы бойынша қайта даярлау 360 сағаттық курсынан өтіп, мерзімсіз куәлік алды. (куәлік №01-02, 17.03.2019 жыл)
3. Шпак Оксана Викторовна (тәрбиеші) "Жалпы білім беретін мектептің бастауыш кластарын оқыту" мамандығы бойынша арнаулы орта білімі бар, сонымен қатар, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудын мазмұнын жаңарту жағдайындағы оқу-тәрбие үрдісінің жасау бағыттары" мамандығы бойынша қайта даярлау 808 сағаттық курсынан өтіп, мерзімсіз куәлік алды. (куәлік №01-219, 11.09.2024 жыл)
4. Арзакулова Меруерт Таянқызы (тәрбиеші) «Педагогика және психология» мамандығы бойынша жоғары білімі бар, сонымен қатар, "Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу" мамандығы бойынша қайта даярлау 635 сағаттық курсынан өтіп, мерзімсіз куәлік алды. (куәлік №273, 24.01.2020 жыл)
5. Есбусинова Айнур Тулеубайқызы (музыка жетекшісі) "Хореография" мамандығы бойынша жоғары білімі бар, сонымен қатар, "Музыка жетекшісі" мамандығы бойынша қайта даярлау 360 сағаттық курсынан өтіп, мерзімсіз куәлік алды. (куәлік №01-107, 29.09.2023 жыл)

Қалған 7 педагогтің тиісті бейіні бойынша арнаулы орта, жоғары білімдері бар.Базалық білімі жоқ педагогтер «Балажан» бөбекжай-балабақшасында жоқ.

| № | Педагогтің аты-жөні | Лауазымы | Білімі, бітірген оқу орны, мамандығы |
|---|---|---|---|
| 1 | Мұхамбетьярова Динара Бахыткерейқызы | Меңгеруші Әдіскер | Жоғары, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты "Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу" |
| 2 | Аймаганбетова Асима Бахтыбаевна | Психолог | 1. Арнаулы орта, Ақтөбе педагогика училищесі, "Мектепке дейінгі тәрбие"<br>2. Жоғары, Қ.Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе Педагогикалық Институты "Педагогика және Психология" |
| 3 | Есбусинова Айнур Тулеубайқызы | Музыка жетекшісі | 1. Жоғары, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнері академиясы "Хореография"<br>2. ҚР Халықаралық білім беруді дамыту академиясы "Музыка жетекшісі" жыл мамандығы бойынша мерзімсіз қайта даярлау курсы (куәлік №01-107, 29.09.2023 жыл) |
| 4 | Дуйсекешева Кенжегуль Рахзметжановна | Қазақ тілі мұғалімі | Жоғары, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, "Қазақ тілі мен әдебиеті" |
| 5 | Бойченко Галина Викторовна | Тәрбиеші | 1. Арнаулы орта, Ақтөбе педагогика училищесі, "Мектепке дейінгі тәрбие"<br>2. Жоғары, Баишев Университеті, "Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу" |
| 6 | Шпак Оксана Викторовна | Тәрбиеші | 1. Арнаулы орта, Ақтөбе педагогика училищесі, "Жалпы білім беретін мектептің бастауыш кластарын оқыту"<br>2. ҚР Халықаралық білім беруді дамыту академиясы, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудын мазмұнын жаңарту жағдайындағы оқу-тәрбие үрдісінің жасау бағыттары" (куәлік №01-219, 11.09.2024 жыл) |
| 7 | Арзакулова Меруерт Таяновна | Тәрбиеші | 1. Жоғары, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, "Педагогика және психология"<br>2. ҚР білім және ғылым министрлігі Баишев университеті Кадрлар біліктілігін жоғарылату және қайта |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | даярлау институты, "Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу" мамандығы (куәлік №273, 24.01.2020 жыл) |
| 8 | Забирова Айгерим Махсотовна | Тәрбиеші | Арнаулы орта, Ақтөбе гумманитарлық-техникалық әмбебап мультипрофильдік колледжі, "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" |
| 9 | Галиева Эльвира Камзаевна | Тәрбиеші | 1. Арнаулы орта, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің колледжі, "Шет тілі"<br>2. ҚР Халықаралық білім беруді дамыту академиясы, "Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру" (куәлік №01-02, 17.03.2019 жыл) |
| 10 | Жеңіс Айнагүл Жасұланқызы | Тәрбиеші | 1. Жоғары, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті "Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі"<br>2. ҚР Халықаралық білім беруді дамыту академиясы, "Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші" (куәлік №01-107, 04.08.2021 жыл) |
| 11 | Қалиева Құралай Санатқызы | Тәрбиеші | Арнаулы орта, Көпсалалы "Болашақ" колледжі, "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" |
| 12 | Рысбаева Әмина Қайратқызы | Тәрбиеші | Арнаулы орта, Көпсалалы "Болашақ" колледжі "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" |

***Қорытынды:*** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2-тарау, 22 тармағы талабына сәйкес келеді, барлық педагогтердің **педагогикалық және тиісті бейін бойынша білімдері бар.**

**2.2.Педагогтердің біліктілік санаты деңгейін кемінде 5 (бес) жылда бір рет (оның ішінде басшылар – кемінде 3 (үш) жылда бір рет) арттыруы немесе растауы бойынша үлесі**

Балабақшамыздағы 12 педагогтің ішінде 2 педагогта біліктілік санаты бар.

Тәрбиеші Бойченко Галина Викторовна «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 03.10.2025 жылғы №494 бұйрығымен тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог-модератор» біліктілік санатын алды.

Қазақ тілі мұғалімі Дуйсекешева Кенжегуль Рахметжановна «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 11.09.2023 жылғы №371 бұйрығымен «педагог-зерттеуші» біліктілік санатын алды.

| № | Педагогтің аты-жөні | Лауазымы | Санаты | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Бойченко Галина Викторовна | Тәрбиеші | «Педагог-модератор» | «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 03.10.2025 жылғы №494 бұйрығымен берілді |
| 2 | Дуйсекешева Кенжегуль Рахметжановна | Қазақ тілі мұғалімі | «Педагог-зерттеуші» | «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 11.09.2023 жылғы №371 бұйрығымен берілді |

Қалған - 10 педагогтың біліктілік санатынын жоқ, оның себептері мынада.Қазіргі уақытта балабақшада төмендегі педагогтардың нақты себептеріне байланысты біліктілік санаттары жоқ. *(қосымша еңбек кітапшалары тіркелген)*

**І. Жаңадан қабылданған (еңбек өтілінде ұзақ үзілісі бар) мамандар (3 маман)**

1. **Шпак Оксана Викторовна**-тәрбиеші. Мамандығы бойынша дипломын 1994 жылы алған, алайда ұзақ уақыт бойы мамандығы бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда жұмыс істемеген (педагогикалық еңбек өтілінде үзіліс болған). Ақтөбе педагогика училищесі, "Жалпы білім беретін мектептің бастауыш кластарын оқыту" мамандығы бойынша 24.06.1994 жылы аяқтаған, ҚР Халықаралық білім беруді дамыту академиясы, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудын мазмұнын жаңарту жағдайындағы оқу-тәрбие үрдісінің жасау бағыттары" тақырыбында 808 сағаттық қайта даярлау курсын 2024 жылдың 11 қыркүйек айында аятаған. Біздің балабақшаға 2024 жылдың 23 қыркүйек айында орналасқан. Қазіргі уақытта лауазымдық міндеттерін жаңадан меңгеріп, педагогикалық тәжірибе жинақтау, сондай-ақ заманауи бағдарламалар бойынша өз портфолиосын қалыптастыру кезеңінде болуына байланысты біліктілік санаты жоқ.

**2. Рысбаева Амина Қайратқызы**-тәрбиеші. Мамандығы бойынша дипломын 2015 жылы алған, алайда ұзақ уақыт бойы мамандығы бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда жұмыс істемеген (педагогикалық еңбек өтілінде үзіліс болған). Көпсалалы "Болашақ" колледжін, "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша 29.06.2015 жылы бітірген. Біздің балабақшаға 02.11.2020 жылы тәрбиеші көмекшісі болып орналасқан, ал 2024 жылы 5 тамыздан бастап тәрбиеші қызметіне №41/1 бұйрығымен, мамандығына сәйкес ауыстырылды. Қазіргі уақытта лауазымдық міндеттерін жаңадан меңгеріп, педагогикалық тәжірибе жинақтау, сондай-ақ заманауи бағдарламалар бойынша өз портфолиосын қалыптастыру кезеңінде болуына байланысты біліктілік санаты жоқ.

**3. Қалиева Құралай Санатқызы**-тәрбиеші. Мамандығы бойынша дипломын 2014 жылы алған, алайда ұзақ уақыт бойы мамандығы бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда жұмыс істемеген (педагогикалық еңбек өтілінде үзіліс болған). Көпсалалы "Болашақ" колледжін, "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша 30.06.2014 жылы бітірген. Біздің балабақшаға 03.05.2022 жылы тәрбиеші көмекшісі болып орналасқан, ал 2025 жылы 2 маусым бастап тәрбиеші қызметіне №26/1 бұйрығымен, мамандығына сәйкес ауыстырылды. Қазіргі уақытта лауазымдық міндеттерін жаңадан меңгеріп, педагогикалық тәжірибе жинақтау, сондай-ақ заманауи бағдарламалар бойынша өз портфолиосын

қалыптастыру кезеңінде болуына байланысты біліктілік санаты жоқ.

**II. Жас маман (1 маман)**

1. **Забирова Айгерим Махсотовна**-тәрбиеші. Еңбек өтілі — 3 жыл. Жас маман мәртебесінің аяқталу кезеңінде. Қазіргі уақытта алғашқы біліктілік санатын («педагог» санатын) алу үшін педагогикалық портфолиосын толық жинақтап, алдағы кезеңде аттестациядан өтуге жоспарланған.»

**III. Зейнеткерлік жастағы маман (1 маман)**

1. **Аймаганбетов Асима Бахтыбаевна** — психолог. Зейнеткерлік жастағы тәжірибелі педагог. Қазіргі уақытта заңды түрде зейнет демалысында болса да, балабақшада еңбек шарты негізінде жұмысын жалғастыруда. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Педагогтарды аттестациялау қағидаларына сәйкес, зейнет жасындағы мамандарға жаңа біліктілік санатын алу немесе оны міндетті түрде растау талап етілмейді.

**IV. Бала күтіміне байланысты демалыстан (декреттен) шыққандар (2 маман):**

1. **Мұхамбетьярова Динара Бахыткерейқызы** — меңгеруші. Бала күтімі бойынша демалысқа әдіскер лауазымы бойынша шығып, меңгеруші болып 2026 жылдың наурыз айында жұмысқа қайта кірісті. Меңгерушілік еңбек өтілі, қазіргі уақытта 2 ай. Бала күтіміне дейінгі санаты бұрынғы (II санат №895 28.07.2019 жылы) берілген. Үзіліске байланысты санатын қайта қалпына келтіру немесе жаңадан тапсыру үшін уақыт қажет.
2. **Арзақулова Меруерт Таянқызы** — тәрбиеші. Декреттік демалыстан 2025 жылдың мамыр айында шықты. Қазіргі уақытта жаңартылған бағдарламалар бойынша курстарды меңгеруде, педагогикалық тәжірибе жинақтауда, сондай-ақ заманауи бағдарламалар бойынша өз портфолиосын қалыптастыру, жинақтау кезеңінде.

**V.Қайта даярлаудан өткен маман (1 маман):**

1. **Есбусинова Айнур Тулеубайқызы**— музыкалық жетекші. Негізгі мамандығы — «Хореограф». 29 маусым 2023 жылы мектепке дейінгі ұйымның «Музыкалық жетекшісі» мамандығы бойынша ресми қайта даярлау (переподготовка) курсынан өтті. Осы жаңа лауазымдағы еңбек өтілі 3 жылдан кем болуына байланысты біліктілік санаты әлі бекітілмеген. *Қазіргі таңда кезекті аттестацияға «Педагог-модератор» санатына портфолио дайындап жатыр.*

**VI. ОЗП тесттен өткен педагогтар (2 маман)**

1. **Жеңіс Айнагүл Жасұланқызы** – тәрбиеші. Қазіргі уақытта педагог кезекті біліктілік санатын алу мақсатында Оқытушылардың кәсіби білімін бағалау (ОЗП) тестілеуіне қатысып, **тест тапсырмаларын сәтті орындап, өту балын**

**жинады**. Педагогтің тест нәтижесі оң (оң нәтижелі сертификаты тіркелді). Бүгінгі күні аттестаттау комиссиясына портфолио құжаттары тапсырылып, біліктілік санатын беру туралы **ресми бұйрық шығару рәсімі жүргізілуде**.

2. **Галиева Эльвира Камзаевна** – тәрбиеші. Қазіргі уақытта педагог кезекті біліктілік санатын алу мақсатында Оқытушылардың кәсіби білімін бағалау (ОЗП) тестілеуіне қатысып, **тест тапсырмаларын сәтті орындап, өту балын жинады**. Педагогтің тест нәтижесі оң (оң нәтижелі сертификаты тіркелді). Бүгінгі күні аттестаттау комиссиясына портфолио құжаттары тапсырылып, біліктілік санатын беру туралы **ресми бұйрық шығару рәсімі жүргізілуде**.

Балабақша әкімшілігі аталған педагогтарға тұрақты түрде кәсіби қолдау көрсетіліп келеді. Олардың барлығы өз лауазымдық міндеттерін толық көлемде атқарады. Аттестациядан босатылған зейнеткер маманнан бөлек, қалған 9 педагог бекітілген ішкі кестеге сәйкес алдағы уақытта кезең-кезеңімен санат алуға дайындалуда.

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2-тарау, 24 тармағы талабына сәйкес келеді, педагогтер біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір рет арттырып тұрады.

**2.3.Педагогтердің (оның ішінде басшылар мен олардың орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан кемінде 3 (үш) жылда бір рет өткен үлесінің сәйкестігі**

«Балажан» бөбекжай-балабақшасының педагогтері «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы «Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби Даму институты»-нан, «Заманауи ғылым-білім беру орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен біліктілікті артыру курстарынан уақытылы өтіп, сертификаттар алды.

| № | Педагогтің аты-жөні | Курстан өткен мерзімі | Сертификат нөмірі | Курстан өткен орны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Мұхамбетьярова Динара Бахыткерейқызы | 03.07-14.07.2023 | №0640512 | «Өрлеу» БАҰО |
| 2 | Аймаганбетова Асима Бахтыбаевна | 12.07-26.07.2021 | №000244 | ПШО |
| 3 | Есбусинова Айнур Тулеубайқызы | 15.06-26.06.2026 | №205174 | ПШО |
| 4 | Дуйсекешева Кенжегуль Рахзметжановна | 10.07-20.07.2023 | №0640702 | «Өрлеу» БАҰО |
| 5 | Бойченко Галина Викторовна | 18.11-29.11.2024 | №0752192 | «Өрлеу» БАҰО |
| 6 | Шпак Оксана Викторовна | 26.03-04.04.2025 | №0874191 | «Өрлеу» БАҰО |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | Арзакулова Меруерт Таяновна | 02.03-13.03.2026 | №3149 | «Заманауи ғылым-білім беру орталығы» ЖШС |
| 8 | Забирова Айгерим Махсотовна | 04.09-14.09.2023 | №0643025 | «Өрлеу» БАҰО |
| 9 | Галиева Эльвира Камзаевна | 26.03-04.04.2025 | №0874168 | «Өрлеу» БАҰО |
| 10 | Жеңіс Айнагүл Жасұланқызы | 26.03-04.04.2025 | №0874171 | «Өрлеу» БАҰО |
| 11 | Қалиева Құралай Санатқызы | 02.03-13.03.2026 | №3150 | «Заманауи ғылым-білім беру орталығы» ЖШС |
| 12 | Рысбаева Әмина Қайратқызы | 18.05.-29.05.2026 | №205174 | ПШО |

***Қорытынды:*** Үш жылда бір реттен сиретпей басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін артыру курстарынан өту талабына сәйкес келеді, барлық педагогтер біліктілігін арттыру курстарынан уақытылы өтіп отырады.

### 3. Тәрбиеленушілер контингентіне қойылатын өлшемшарттар

**3.1. "Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптардың сақталуы.**

«Балажан» бөбекжай-балабақшасы 5 күндік жұмыс аптасымен, балалардың 10,5 сағат болуымен жұмыс жасайды. Барлығы алты топ бар, топтар жас ерекшелігі қағидасы бойынша жасақталған.

2023-2024, 2024-2025,2025-2026 оқу жылдарында – екі ортаңғы, екі ересек (1 орыс топ, 1 қазақ топ), екі мектепалды (1 орыс топ, 1 қазақ топ) топтар жасақталды.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болған жоқ.

***Қорытынды:*** Топтар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1-тарау, 4,6 тармақтары талаптарына сәйкес жасақталды.

**3.2.Балалардың жасын ескере отырып, Үлгілік қағидаларға сәйкес жас топтарын қалыптастыру талаптарының сақталуы.** «Балажан» бөбекжай-балабақшасында топтар оқу жылының басында жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жасақталды.

2023-2024 оқу жылында балабақшамызда барлығы 152 бала болды. Ортаңғы топтарға 3 жастағы балалар (2020 жылы туылған балалар), ересек топқа 4 жастағы балалар (2019 жылы туылған балалар), мектепалды топтарға 5 жастағы балалар (2018 жылы туылған балалар) жинақталды.«Балапан» ортаңғы тобы-25 бала, «Күншуақ» ортаңғы тобы-26 бала, «Қызғалдақ» ересек тобы-26 бала, «Звездочки» ересек орыс тобы-26 бала, «Айналайын» мектепалды тобы-24 бала, «Лучики» мектепалды орыс тобы-25 бала.

2024-2025 оқу жылында балабақшамызда барлығы 152 бала болды. Ортаңғы топтарға 3 жастағы балалар (2021 жылы туылған балалар), ересек топқа 4 жастағы балалар (2020 жылы туылған балалар), мектепалды топтарға 5 жастағы балалар (2019 жылы туылған балалар) жинақталды. «Балапан» ортаңғы тобы-25 бала, «Күншуақ» ортаңғы тобы-26 бала, «Қызғалдақ» ересек тобы-26 бала, «Звездочки» ересек орыс тобы-26 бала, «Айналайын» мектепалды тобы-24 бала, «Лучики» мектепалды орыс тобы-25 бала.

Ағымдағы оқу жылы барлығы 149 бала тәрбиленуде: Ортаңғы топтарға 3 жастағы балалар (2022 жылы туылған балалар), ересек топқа 4 жастағы балалар (2021 жылы туылған балалар), мектепалды топтарға 5 жастағы балалар (2020 жылы туылған балалар) жинақталды. «Балапан» ортаңғы тобы-25 бала, «Күншуақ» ортаңғы тобы-24 бала, «Қызғалдақ» ересек тобы-25 бала, «Звездочки» ересек орыс тобы-25 бала, «Айналайын» мектепалды тобы-25 бала, «Лучики» мектепалды орыс тобы-25 бала. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ.

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары 1-тарау, 7 тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4 тарау, 25 тармағы талабына сәйкес жас топтары жасақталды.

## 4. Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын талаптар

**4.1.Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау мен іске асырудың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – МЖМБС)**

2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары); (2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар),

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына (2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 өзгерістер енгізу туралы бұйрығы.) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2022 - 2023, 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынды, құрылды, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-мен келісіліп, бекітілді.

2025-2026 оқу жылының басында оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары құрылып, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-мен келісіліп, бекітілді. Оқу жұмыс жоспары «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына (*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы №7 бұйрығымен өзгерістер енгізілген)* сәйкес құрылды.

Ортаңғы топта (3 жастағы балалар) «дене тәрбиеі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет, «қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына бір рет және «музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына бір рет, қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын жүргізіледі.

Ересек топтарда (4 жастағы балалар) «дене тәрбиесі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет, «қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына бір рет және «музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына екі рет, қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын жүргізіледі.

Мектепалды (5 жастағы балалар) топтарында «дене тәрбиесі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет, «қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына бір рет, мектепалды орыс тобында аптасына екі рет және «музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына екі рет, қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестеге сәйкес жүргізіледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болған жоқ.

**Қорытынды:** 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылының оқу жұмыс жоспары Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес құрылды, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына (өзгеріс: ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.01.2025 № 12 бұйрық) 1 қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2 тарау, 4 тармағы, 3 тармақшасы талабына сәйкес келеді.

**4.2.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҮОЖ), Күн тәртібінің сақталуы және МЖМБС көзделген балалар қызметінің түрлерін ұйымдастырудың қамтамасыз етілуі,**

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы

№499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына *(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен өзгерістер енгізілген)* сәйкес барлық топтарға арналған перспективалық жоспарлар құрылып, бекітілді. Осы жоспарларға сәйкес білім беру қызметі жүргізілді. Әр аптаға арналған тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасында балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел -үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) баланы толыққанды дамыту - қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі, білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер толық көрсетіледі. Топтар бойынша күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестелері құрылып, меңгеруші тарапынан бекітілді.

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1 қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2 тарау, 4 тармағы, 5 тармақшасы талабына сәйкес келеді.

**4.3.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҮОБ) талаптарына сәйкестігі**

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1 қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекетік жалпыға міндеті стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы №7 бұйрығымен өзгерістер енгізілген),* Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)* сәйкес әр топқа перспективалық жоспарлар құрылып, апта сайын тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммалары толтырылды.

Ортаңғы топта (3 жастағы балалар) «дене тәрбиеі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет, «қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына бір рет және «музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына бір рет, қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын жүргізіледі.

Ересек топтарда (4 жастағы балалар) «дене тәрбиесі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет, «қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына бір рет және «музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына екі рет, қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын жүргізіледі.

Мектепалды (5 жастағы балалар) топтарында «дене тәрбиесі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет, «қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына бір рет, мектепалды орыс тобында аптасына екі рет және «музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына екі рет, қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестеге сәйкес жүргізіледі.

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1 қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 3 тарау, 22 тармағы талабына сәйкес келеді.

**4.4.Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын, жан-жақты және тұтас дамуын қамтамасыз ететін, балаларға қызмет түрлерін және бірлескен іс-әрекет қатысушыларын таңдауға мүмкіндік беретін дамытушы ортаның құрылуы.**

Балабақшада баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік–кеңістіктік дамытушы ортасында анықталғаны:

Жалпы барлық топтарда балалардың жақ – жақты дамуына жағдай жасау мақсатында бес дағды негізге алынып жасақталған.

**1. «Физикалық» қасиеттерді дамыту** бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін жоспарланған қажетті жағдайлар жасалған. Бөбекжай-бақшада дене шынықтыру залында, топ бөлмелері бұрыштарында стандартқа сай үрмелі доптар, кубиктер, кеглилер, гимнастикалық отырғыштар, обручтер, массажды кілемшелер, қимылды ойындар жиынтығы жинақталған. Одан әрі топтарда да денсаулық бұрышы доптар, кеглилер,хоккей, теннис, шашкалар құм қалташалары, жаттығуға арналған спорттық құралдармен жасақталған. Жазғы ойын құралдары самокат, велисопед ,қысқы ойын құралдары шана, шаңғы қамтылған.

**2. «Коммуникативтік» дағдыларды дамыту** бойынша балалардың жас ерекшеліктері байланысты, сюжетті рольді ойындармен қамтылған (отбасы, дүкен, дәріхана, тігінші, шаштараз, құрлысшы, банкомат, өрт сөндіруші, полиция, жүргізуші рольдік ойындар) ересек топтарына арналған үстел үсті дамытушы ойындар ортаңғы топтарында монтессори технологиясының элементтерін қолдануда, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында фетрден тігілген және түрлі дамытушы ойындар жасақталған. Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты дамытушы ойын түрлері:

Көкөністер мен жемістердің муляждары
Сюжетті суреттер
Конструкторлар (темір, пластмасса)
Тақырыпты лото
Пазлдар (әр түрлі)
Мозайкалар
Құрастырмалы карточкалар (санға, әріпке, пішінге байланысты)
Не қайда мекендейді? Қоқыстарды жина
Қомағай жемістер
Бейнені құрастыр
(құстар, аңдар)
Киіз үй, кілем тоқу, шаш өру, ақылды кітап. Экологиялық ойындар
Визеборд

Конструкторлар (пластмасса, жұмсақ пазлдар) Қуыршақты киіндір.
Бейнені құрастыр
(құстар, аңдар)
Домбыра
Қазақтың ұлттық киімдері.Ұлттық киімдегі қуыршақтар. Экологиялық ойындар: суретпен әңгімелеу, ауа ластайтын, қажет ететін нәрселер.(фетрден жасалған көрнекіліктер) жинақталған.

**3. «Шығармашылық»** дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамытушы ортада музыка залында балалардың жас ерекшеліктеріне сай заманауи көрнекіліктер, түрлі музыкалық аспаптар (домбыра, соқпалы (барабан, бубен, сылдырмақ), үрмелі аспаптар), көрнекіліктер эстетикалық тұрғыда жабдықталған. Мерекелерге байланысты ертеңгілік , ойын – сауықтарда кейіпкерлерге арналған үлкендерге және балаларға арналған костюмдер жинақталған. Топтарда музыкалық аспаптар драматизациялауға арналған қуыршақтар ,театрланған қойылым атрибуттары, маскалары заманауи театр түрлері (қуыршақ театр, көлеңке театр, саусақ театр) жинақталған.

**4.«Танымдық және зияткерлік»** дағдыларды дамыту бойынша түрлі ортаңғы топтарында құрастыруға арналған түрлі көлемдегі кубиктермен, ойын құралдары, барлық топтың балаларына арналған танымдық ойындар соның ішінде фетрден жасалған балалардың жас ерекшелігіне сай ойын түрлері жоғары деңгейде жабдықталған

**5.«Әлеуметтік- эмоционалды»** дағды бойынша топтарда «Ұлттық бұрыш», «Театр бұрыштары», «Жол қауіпсіздік ережесі» стендтермен жабдықталған. Барлық топтарда табиғат бұрышында балалардың жас ерекшеліктеріне сай гүлдер, тірі табиғат (балық , тоты құс) жабдықталған. Мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ойын түрлерімен және жиһазбен жабдықтаудың нормасына сәйкес жабдықталған. ***Қосымша: 4- қосымша бойынша жабдықтармен жиһаздардың тізімі және бухалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесі қоса тіркелді.***

**4.5 ҮОБ мазмұнын меңгеру деңгейін айқындау бойынша мониторинг нәтижелерінің болуы**

«Балажан» бөбекжай-балабақшасында әр оқу жылында Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторингі жүргізіліп отырылады, мониторинг нәтижелерінің жиынтық есебі шығарылады. Сонымен қатар, нәтижелер негізінде әрбір балаға Баланың жеке даму карталары толтырылып, балалармен жеке жұмыстар жүргізіледі.

Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының дамуының бастапқы мониторингі әр оқу жылының қыркүйек айында жүргізілді.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылында бастапқы мониторинг «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2023 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» және «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында

2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатта берілген критерийлер негізінде жүргізілді.

Бастапқы мониторинг нәтижелері:







Бастапқы мониторинг негізінде әр тәрбиеленушіге жеке даму карталары жүргізілді, мониторинг нәтижелері бойынша тәрбиеленушілермен жүргізілетін түзету іс-шаралары жазылды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша қорытынды мониторинг әр оқу жылының мамыр айында жүргізіледі.

Талдау өткен 2 оқу жылы мен ағымдағы оқу жылының қорытынды мониторингі «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2023 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» және

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатта берілген критерийлер негізінде жүргізілді.

Қорытынды мониторинг нәтижелері:





Қосымша 2

| Жас топтары | Елді мекен | | Оқыту тілі | | | | Балалар саны | Физикалық қасиеттерді дамыту | | | Коммуникативтік дағдыларды дамыту | | | Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту | | | Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту | | | Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру | | | БАРЛЫҒЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қала | ауыл | қазақ | орыс | аралас (қазақ-орыс) | басқа тілде | | жоғары деңгей | орташа деңгей | төмен деңгей | жоғары деңгей | орташа деңгей | төмен деңгей | жоғары деңгей | орташа деңгей | төмен деңгей | жоғары деңгей | орташа деңгей | төмен деңгей | жоғары деңгей | орташа деңгей | төмен деңгей | жоғары деңгей | % | орташа деңгей | % | төмен деңгей | % |
| Ерте жас тобы | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | 0 | #### | 0 | #### | 0 | #### |
| Кіші топ | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | 0 | #### | 0 | #### | 0 | #### |
| Ортаңғы топ | 2 | | 2 | | | | 48 | 43 | 5 | 0 | 45 | 3 | 0 | 44 | 4 | 0 | 43 | 5 | 0 | 45 | 3 | 0 | 44 | 91,7 | 4 | 8,33 | 0 | 0 |
| Ересек топ | 2 | | 1 | 1 | | | 51 | 50 | 1 | 0 | 49 | 2 | 0 | 50 | 1 | 0 | 48 | 3 | 0 | 50 | 1 | 0 | 49,4 | 96,9 | 1,6 | 3,14 | 0 | 0 |
| Мектепалды тобы | 2 | | 1 | 1 | | | 50 | 48 | 2 | 0 | 47 | 3 | 0 | 49 | 1 | 0 | 46 | 4 | 0 | 49 | 1 | 0 | 47,8 | 95,6 | 2,2 | 4,4 | 0 | 0 |
| Барлығы | | | | | | | 149 | 141 | 8 | 0 | 141 | 8 | 0 | 143 | 6 | 0 | 127 | 12 | 0 | 144 | 5 | 0 | | | | | | |
| % | | | | | | | 100 | 95 | 5 | 0 | 95 | 5 | 0 | 96 | 4 | 0 | 92 | 8 | 0 | 97 | 3 | 0 | | | | | | |

Мониторинг ______ Д.Б.Мұхамбетқарова

Қорытынды мониторинг негізінде әр тәрбиеленушіге жүргізілген жеке даму карталары толтырылып, қорытындыланды.

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1 қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-тарау, 6-тармағы, 20 тармағы талаптарына сәйкес келеді.

**4.6 Жеке даму картасында бақылау нәтижелері (бастапқы, аралық, қорытынды) бойынша іс-шаралардың жүргізілуі**

Аталған өлшемшарт бойынша зерделеуге ұсынылған материалдар талдау өткен 2 оқу жылы мен ағымдағы оқу жылында үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша барлық тәрбиеленушілерге жеке даму карталары толтырылып, жүргізілді. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын жеке даму карталары толық жүргізілді, мониторинг нәтижелері бойынша тәрбиеленушілермен жүргізілетін түзету іс-шаралары жазылып, балалармен жеке жұмыстар күнделікті ұйымдастырылып отырылды.

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1 қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2 тарауының 6 тармағы талабына сәйкес келеді, 2025-2026 оқу жылында барлық топтардың тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары талапқа сай жүргізілді.

**4.7 Оқу жылының басына қарай тәрбиеленушілерді жас топтарына ауыстыру және оларды Үлгілік қағидаларға сәйкес қалыптастыру талаптарының сақталуы**

«Балажан» бөбекжай-балабақшасында тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуіріндегі №114-НҚ бұйрығының әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшасына сәйкес ұсынылды. Ұсынылған 3 қосымшадағы контингент бойынша 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында барлығы 152 тәрбиеленуші бекітіліп ұсынылған, тәрбиеленушілердің жас кезеңдері жас топтарына сәйкес келеді.

Ағымдағы оқу жылы барлығы 149 бала тәрбиленуде: Ортаңғы топтарға 3 жастағы балалар (2022 жылы туылған балалар), ересек топқа 4 жастағы балалар (2021 жылы туылған балалар), мектепалды топтарға 5 жастағы балалар (2020 жылы туылған балалар) жинақталды. «Балапан» ортаңғы тобы-25 бала, «Күншуақ» ортаңғы тобы-24 бала, «Қызғалдақ» ересек тобы-25 бала, «Звездочки» ересек орыс тобы-25 бала, «Айналайын» мектепалды тобы-25 бала, «Лучики» мектепалды орыс тобы-25 бала бекітіліп ұсынылған, тәрбиеленушілердің жас кезеңдері жас топтарына сәйкес келеді.

Зерделеу барысында барлық оқу жылында талапқа сай 3-қосымшаға сәйкес жасақталып ұсынылғаны анықталды.

**4.8 Балалардың ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту.**

«Балажан» бөбекжай-балабақшасында тәрбиеленушілердің ата-аналарын тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту жұмыстары бекітілген жылдық жоспарға сай жүйелі жүргізілді. Оқу жылының басында «Бала – біздің ортақ қуанышымыз» тақырыбында жалпы жиналыс өтіп, өзара байланыс жолдары нақтыланды. Отбасылық құндылықтарды дәріптеу және шығармашылықты дамыту мақсатында «Менің отбасым» сурет көрмесі мен «Шебер қол – шексіз өнер» байқауы ұйымдастырылды. Ұлттық тәрбиені насихаттауда ата-аналардың қатысуымен

«Әжем айтқан ертегілер» атты бейнематериалдар жинағы дайындалды. Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін «Қысқы достарға қамқорлық» және «Жасыл әлем – біздің үйіміз» атты бірлескен акциялар жоғары деңгейде өтті. «Шын жүректен кітап сыйла» шарасы мен «Жүректен шыққан алғыс» челленджі мекемедегі позитивті қарым-қатынасты нығайта түсті. Қараша айында жүргізілген «Менің балам балабақшада» сауалнамасы ата-аналардың балабақша жұмысына қанағаттану деңгейінің жоғары екенін көрсетті. Өткізілген іс-шаралардың сценарийлері, хаттамалары мен фотоесептері іс-қағаздар папкасында толық жинақталған.

## 5. Материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қойылатын өлшемшарттар

**5.1. Мектепке дейінгі ұйымдардың жабдықтары мен жиһазының "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) бекітілген жарақтандыру нормаларына сәйкестігі (бұдан әрі – Жарақтандыру нормалары)**

«Балажан» бөбекжай-балабақшасы ғимаратында алты топ қарастырылған. Әр топта ойын бөлмесі және жатын бөлмесі қабылдау бөлмесі, дәретхана, ыдыс жуу бөлмелері бар. Барлық топтар қажетті жиһаздармен жабдықталған. Төсеніштер, ыдыс-аяқтар, жатын төсеніштері жеткілікті. Топтар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сай безендірілген. Сонымен қатар, ғимаратта меңгеруші кабинеті, әдіскер кабинеті, медбике кабинеті, психолог кабинеті, кір жуу бөлмесі, асхана, қосалқы бөлмелер бар. Қажетті жабдықтармен және жиһазбен толық қамтылған. Қосалқы қабатта музыкалық залы (спорт залы біріктіріліп) орналасқан.

***Қосымша: 4- қосымша бойынша жабдықтармен жиһаздардың тізімі және бухалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесі қоса тіркелді.***

**Қорытынды:** Жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз етілуі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары 1-тарау, 9 тармағына сәйкес келеді.

**5.2 "Қазақстан Республикасының білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын терроризм тұрғысынан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27414 болып тіркелген) сәйкес бейнебақылау жүйесінің болуы және қауіпсіздік жағдайларының сақталуы**

«Балажан» бөбекжай-балабақшасында ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығының талаптарына сәйкес терроризмге қарсы қорғалу толық қамтамасыз етілген. Мекеме ішінде және іргелес аумақтарда атап айтсақ барлығы 13 бейнебақылау жүйесі бар. Оның 3-і сыртқы бейнебақылау, 10

ішкі бейнебақылау жүйесі жүйелі түрде жұмыс жасап тұр, бейнежазбалардың мұрағаты 30 тәуліктен кем емес мерзімде сақталуда. Барлық бейнекамералар Жедел басқару орталығына (ЖБО/ЦОУ) және полицияның кезекші бөлімдеріне интеграцияланған. Нұсқаулыққа сәйкес нысанда дабыл батырмасы (тревожная кнопка), рұқсатты бақылау жүйесі (электронды құлыптар) және дауыстық құлақтандыру жүйесі тұрақты жұмыс істейді. Күзет қызметін арнайы лицензиясы бар мамандандырылған күзет ұйымы жүзеге асырады. Қызметкерлер мен тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында күдікті заттарды анықтауға күнделікті аралап тексеру амалдары жүргізіледі. Террористік қауіп төнген жағдайда әрекет ету алгоритмі бойынша қызметкерлермен тоқсан сайын нұсқаулықтар мен практикалық жаттығулар өткізіліп тұрады. Қауіпсіздік жүйелерінің техникалық паспорттары, келісімшарттар мен тексеру актілері тиісті папкада жинақталған. Келісімшар көшірмелері қоса жалғанды.

## 6. Оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстарға қойылатын өлшемшарттар

### 6.1 ҮОБ-ға сәйкес мектепалды даярлықты іске асыратын білім беру ұйымдары үшін "Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, жекелеген пәндер бойынша базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған, оның ішінде электрондық нысандағы оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 болып тіркелген) сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің болуы

«Балажан» бөбекжай-балабақшасының қазақ және орыс тілді мектепалды даярлық топтарында тәрбие-білім беру процесі Үлгілік оқу бағдарламасына сай толықтай ұйымдастырылған. Тәрбиеленушілер ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығымен бекітілген ресми Тізбеге сәйкес қазақ және орыс тілдеріндегі оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген. Білім беру ұйымында сауат ашу, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу және тіл дамыту пәндері бойынша министрлік ұсынған отандық баспалардың оқулықтары мен жұмыс дәптерлері әр тілдегі топтың ерекшелігіне сай қолданылады. Педагогтардың қолданысында екі тілдегі әдістемелік нұсқаулықтар, дидактикалық көрнекіліктер және электрондық нысандағы ОӘК түрлері жеткілікті көлемде бар. Оқулықтар мен дамытушы құралдар балалардың жас ерекшеліктеріне, ұлттық құндылықтарға және мемлекеттік стандарт талаптарына толық сәйкес келеді. Балабақшадағы бұл екі тілді әдістемелік база мектепалды даярлық тобы балаларының мектепке сапалы дайындықпен ауысуын қамтамасыз етеді.

***Қосымша: 5-қосымша бойынша мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер қоса тіркелді.***

### 6.2 Жарақтандыру нормаларына сәйкес тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін оқу және ойын материалдарының болуы

Балабақшамызда қазақ және орыс топтары бекітілген Жарақтандыру нормаларына сай оқу және ойын материалдарымен толық қамтамасыз етілген. Балалардың коммуникативтік және танымдық дағдыларын дамыту мақсатында

топтарда дидактикалық көрнекіліктер, үстел-үсті ойындары, ертегілер желісіне арналған театр бұрыштары мен тіл дамыту құралдары жеткілікті.

Зияткерлік қабілеттерді шыңдау үшін логикалық тапсырмалар, Лего-конструкторлар, мозаикалар және зертханалық-тәжірибелік бұрыштар (құммен, сумен жұмыс) жабдықталған.

Шығармашылық белсенділікті арттыруға бейнелеу өнері құралдары, музыкалық аспаптар және сахналық киімдері бар дамытушы орта құрылған.

Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру үшін топтарда және спорт залында заманауи спорттық жабдықтар мен рөлдік-сюжеттік ойын мүйістері (емхана, дүкен, отбасы т.б.) жұмыс істейді.

Барлық оқу-ойын материалдары санитарлық-гигиеналық талаптарға сай, қауіпсіз және балалардың жас ерекшеліктеріне толық сәйкес келеді. Ойыншықтар мен құрал-жабдықтардың инвентарлық тізімдері, кіріс құжаттары мен сапа сертификаттары іс-қағаздар папкасында жинақталған.

***Қосымша: 4- қосымша бойынша жабдықтармен жиһаздардың тізімі және бухалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесі қоса тіркелді.***

## 6.3 Тәрбиелеу-білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қамтамасыз етілуі және пайдаланылуы

Бөбекжай-балабақшасында тәрбие-білім беру үдерісін заманауи талаптарға сай ұйымдастыру мақсатында қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) тиімді қолданылады. Мекеме жоғары жылдамдықты интернет желісіне қосылған және топтар заманауи LED-телевизорлармен, ноутбуктермен әрі дыбыстық жүйелермен жабдықталған.

Педагогтар ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында балалардың танымдық белсенділігін арттыру үшін ноутбук пен телевизорды интеграциялай отырып, дамытушы анимациялық видеоларды, электронды көрнекіліктерді және аудиоматериалдарды жүйелі түрде пайдаланады. Цифрлық ресурстарды қолдану барысында балалардың жас ерекшеліктері мен санитарлық-гигиеналық нормалар, оның ішінде экран алдындағы уақыт шектеулері қатаң сақталады.

Мекеменің іс-қағаздарын жүргізу, балаларды есепке алу және ата-аналармен кері байланыс орнату жұмыстары цифрлық платформалар мен ресми әлеуметтік желілер арқылы толықтай автоматтандырылған. Педагогтар өздерінің цифрлық сауаттылығын арттыру мақсатында АКТ-ны білім беруде қолдану бойынша біліктілікті арттыру курстарынан тұрақты өтіп тұрады. Қолданыстағы техникалық жабдықтардың инвентарлық тізімі, электронды көрнекі құралдардың тізбесі жинақталған.

## 6.4. Ресми интернет-ресурстың және edu.kz домендік аймағындағы домендік атаудың болуы

«Балажан» бөбекжай-балабақшасының ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында заңнама талаптарына сай ресми интернет-ресурсы жұмыс істейді. Мекеменің веб-сайты білім беру ұйымдарына қойылатын міндетті талаптарға сәйкес, ресми **balazhan.edu.kz** домендік аймағында тіркелген. Интернет-ресурста балабақшаның құрылтай құжаттары, лицензиясы, жарғысы, педагогтар құрамы және бос орындар туралы өзекті ақпараттар орналастырылған. Сайттың мазмұны қазақ және орыс тілдерінде тұрақты түрде жаңарып, ата-аналар мен қауымдастық үшін білім беру қызметтерінің ашықтығын көрсетеді. Веб-ресурс

арқылы ата-аналармен кері байланыс орнату, өтініштер қабылдау және сұрақтарға жауап беру мүмкіндіктері қарастырылған. Интернет-ресурс ақпараттық қауіпсіздік талаптарына толық жауап береді және мемлекеттік стандарттарға сай техникалық қолдаумен қамтамасыз етілген. Домендік атауды тіркеу туралы келісімшарт, сайтты жүргізуге жауапты тұлғаны бекіту туралы бұйрық жазылып, жинақталған.

**Заттық-кеңістікті дамытушы орта және топ суреттері**
















1
2
3
4
5
6
7
8
9
10












ВРЕМЕНА ГОДА




1
2
3
4
5
6
7
8
9
10














ABC
123




ДОМИНО
ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ
ОЗНАКОМЛЕНИЕ С ОКРУЖАЮЩИМ МИРОМ





## Ата-аналар мен педагогтармен жүргізілген іс-шаралар



























Қорытынды мен ұсыныстар:

1. Сапалы тәрбиелеу мен білім беру үшін жасалынған жағдайдың деңгейін ары қарай көтеру мақсатында жұмыстар жалгастырылсын
2. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына жүргізілген өзін-өзі бағалау қорытындысы білім беру мекемесінің сайтына (https://balazhan.edu.kz/kz/ ) **орналастырылсын.**

«Балажан» бөбекжай-балабақшасы **өзін-өзі бағалау комиссиясы:**

Комиссия төрайымы: ____________ Мұхамбетьярова Д.Б.

Мүшелері:

____________ Аймаганбетова А.Б.

____________ Дуйсекешева К.Р.

____________ Бойченко Г.В.

____________ Арзакулова М.Т.

Хатшы: ____________ Қалиева Қ.С.